

**Б.К. Қалшабаева**  
Алматы қ., Қазақстан

## **ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫН САҚТАУ, НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕСЕРІ**

Бүгінгі күні тарихи Отанынан тыс басқа этномәдени әлемде тіршілік ететін, көптеген этнос мәдениеттерінің тоғысында отырған қазақ диаспорасының ұлттық болмысын, ана тілін, этномәдени мұраларын т.б. құндылықтарын қалай сақтап қала алады деген мәселелер гуманитарлық ғылымдар саласында өзекті болып отыр. Себебі, алуан түрлі этномәдени кеңістікте қай халықтың болмасын этникалық мәдениеті, менталитеті, дүниетанымы өзгеріске ұшырайтындығы белгілі. Халықтардың этномәдени кеңістігінің ұлғаюы немесе ықшамдалуы не этностардың өз ата-мекенінен ығыстырылуы, ассимиляцияға ұшырауы, тіпті тұтастай жойылып кетуі де тарихи-әлеуметтік үрдіс екендігін өмірлік тәжірибеден көріп отырмыз. Бір этносты басқа бір этностан айыратын белгілерінің бірі оның тілі, этникалық мәдениеті мен этникалық санасы екендігі белгілі. Осындай этникалық белгілерінен айырылған, қай халық болмасын сол ортадағы көп санды халыққа сіңіп, жұтылып кеткенін де байқамай қалады. Олай болса, біз қазақ диаспорасының қазіргі кезеңдегі этникалық даму үрдісін үнемі назарымыздан тыс қалдырмауымыз керек. Шеттегі қандастарымыз өзінің тілін, дәстүрлі мәдениетін жоғалтпай ұлттық болмысын сақтап қалу үшін Қазақстан Республикасы не екі жақ мемлекет деңгейінде қандай шаралар жасалуда, міне осының барлығы кім-кімді болса да толғандыруы тиіс.

Халықтың өзін-өзі сақтап қалуының бір жолы олардың өзінің тарихи Отанынан қол үзбеуі. Олай болса, шет жерлердегі қандастарымыз қазақ этносының бір бөлшегі екендігін сезінуіне жағдай жасауымыз керек. Әрине, еліміз тәуелсіздігін алғалы бері мемлекетіміз сырттағы қазақтардың елге оралуындағы көші-қон мәселесінде әлеуметтік көмегін көрсеткендігін білеміз. Сол сияқты халқымыздың өткені мен болашағын саралауда және ұлттық мәдениетті сақтап болашақ ұрпаққа насихаттауда, рухани ұрпақтар жалғастығын көрсетуде «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында да игі істер істелініп жатқандығы белгілі. Ал, Дүние жүзі қазақтар қауымдастығы шеттегі қазақтардың тарихын, мәдениетін насихаттауда, олардың еңбектерін жариялауда біршама еңбектер атқарды. Дегенмен де шеттегі қазақтардың этномәдени мұраларын жинастыру, жүйелеу, жариялау мәселелерімен тікелей қазақ диаспорасын зерттеушілер ғана айналыспаса мемлекеттік деңгейде кешенді түрде зерттеу мәселесі әлі де болса кемшін деуге болады. Мұндай шаралардың өзі жеткіліксіз екендігін біз осы жылдың шілде айында Түркияға барған сапарымызда байқап қайттық. Ата мекеннен тыс, диаспоралық жағдайдағы кез келген ұлттың дәстүрлі мәдениетінде өзіндік бірегейлік, ерекшелік қайталанбайтын құбылыстар бар. Осындай мәдениетіміздегі бірегей, ерекше құбылыстарды дер кезінде жинастырмасақ, ұмытылып кетеді. Себебі, кез келген диаспора өкілдерінің ұлттық мәдениетіне жергілікті этномәдени ортаның әсері болады. Түркиядағы қазақтардың (әсіресе Стамбулда) жас буыны қазақтың тарихын, тілін, мәдениетін білуден қалып барады. Олар негізінен түрік тілінде сөйлеседі. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің қалпы түрік мәдениетіне қарай икемделгені байқалып ақ тұр.

Бір ұлт өкілдерінің басым ортада екінші бір ұлт құрамына сіңіп кетуіне ықпал жасайтын факторлардың бірі – аралас неке. Шет елдердегі қазақтардың арасында (Өзбекстан, Түркіменстаннан басқа) аралас неке көптеп орын алған. Аралас неке болған жағдайда халықтың өзіндік мәдени ерекшеліктерін сақтап қалу мүмкіндігі азаяды. Аралас неке Түркиядағы қазақтар арасында жоғары көрсеткішті береді. Стамбулда болған іс сапарымызда жүргізілген этнографиялық зерттеулер шамамен қазақтың үштен бірі аралас некеде екендігін көрсетеді. Тіпті соңғы 5-10 жылда түрік халқымен түбіміз бір деп, некеараласу жиілеп кеткен. Бұндай жағдайлар болашақта олардың ұлттық болмысын сақтап қалуына күмән тудыратыны сөзсіз.

Осы тұста «этнос» жөнінде оның дербес өмір сүруі мүмкіндігі төңірегінде жазған белгілі ғалым, түркітанушы Л.Н.Гумилевтің еңбектерін еске ала кетейік: «Ұлттар табиғи түрде үлкен топтарға бірігеді, мен бұларды «суперэтностық топтар» деп атаймын. Этностық емес, суперэтностық. Біздің суперэтностық тобымыз Қытай мен Еуропаның аралығында жатыр және оның айрықша этностық нақышты тұтастығы бар. Бұл топтағы халықтар бірге болуға, бірін бірі жақсы көріп, құрметтеуге тиіс. Бірақ, бұл – бірге болу әлдекімге еліктеу немесе қайтадан оқып, үйрену негізінде емес, әр ұлттың өзінің дербес мәдениеттері негізінде жүзеге асырылады. Әр

халықтың өз мінез-құлық стереотипіне құқығы бар, ол өзін өзіне ыңғайлы деп тапқан орайда ұстай алады, халықтың осы ерекшелігімен санау керек және бұл құрметтелуге тиіс» (1). Олай болса, біз ең алдымен шеттегі қазақтарымыздың тілі мен этникалық мәдениетін жоғалтып алуға жол бермеуіміз керек. Біз әрине түрік пен қазақ арасындағы тығыз қарым қатынасқа, жылы қабаққа қуанамыз. Бірақ қазақтың ұлттық нақышта өз мәдениетін ұрпағына жеткізу үшін сол жерде тұрып жатқан қазақтардың да, еліміздің ұлтжанды азаматтары тарапынан да бірталай шаралар жүргізілуі тиіс. Сондай ақ бүгінгі таңда халықтардың сана-сезімінің өсуіне және орныққан жаңа геосаяси көзқарас-пікірлердің пайда болуына байланысты Еуразиялық мәдениет ұғымы кең тарап отыр. Ол Еуразия аумағы кеңістігіндегі халықтардың күнделікті өмір тәжірибесінен де өтіп жатыр деуге болады. Әйткенмен қазіргі жаһандану жағдайында өзіміздің ұлттық іргетасымызды бекемдеуге де мән беруіміз керек. Осыған байланысты да Л.Н. Гумилевтің мына бір пікірлерін келтіре кетейік: «Егер бұрынғы КСРО-ның көпұлтты елдерінің халықтары жойылып кетпейтін болса, олар жаңа заман жағдайындағы өз мәдениетін жасайды. Осы мәдениет барынша тұрақты болады, ол Еуропаның да, Азияның да жолын қумайды, өзінің жеке шығармашылық күштерін, дербес бірегейлігін іздейтін болады. Бірақ бұл үшін жарқын тұлғалар – талантты адамдар қажет. Егер елде талантты адамдар көптеп пайда бола бастаса, мәдениет дүр сілкініп, жанданып, асқақтайды. Бұлай болмаса, ел құриды» (2). Шетелдегі қазақтардың бүгінгі жағдайы мәз емес. Басым ортаның аз санды этностарға қысымы білінбей қалмайды. Бөгде ортада отырған халық өзінің ұлттық болмысына толығымен ие бола алмайды. Мәдениеттер арасындағы ықпалдасу процесі олардың да ұлттық болмыстарына өзінің ізін қалдырады. Мәдени өзгеріс болған жағдайда дін, тіл, тарих, салт дәстүр, әдет ғұрып сияқты ұлттық және рухани құндылықтарда да өзгерістер болады. Олай болса, сырттағы аз санды қазақ диаспорасының өзіндік ұлттық болмысын жоғалтпауы үшін, олардың өзіндік ұлттық дәстүрлерін жандандыруға барынша жағдай жасау керек. Мәселен, қазақ тілі мен тарихын тұрақты түрде оқыту курстары, сондағы қазақ жастарын Қазақстанда оқыту, мәдени шаралар өткізу, радио, теле хабарлар жүргізу, т.с.с. Жалпы, ұлттың мәдени және рухани қайта өрлеуінде жастардың атқаратын қызметі, қосатын үлесі мол екендігі шындық. Соңғы кезеңдерде қазақ жастарының бір тобы Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдерінен жұмыс пен жақсы өмір іздеп өз үйлерін жиі тастап кетіп жүр (\*). Кейінгі он жыл ішінде Қазақстанға көшуге бет бұрған қазақ жастары көбейді. Мұндай жағдайларға мемлекеттік, жалпы ұлттық деңгейде қарап, шетжерлік қазақ жастарының өз ата-мекенінде білім алуына мүмкіндік жасай отырып, отансүйгіштікке баулу. Олай болса, шет жерлерде жүрген қазақтар ұлтымыздың ажырамас бір бөлшегі, сондықтан олардың тілін, ділін, мәдениетін, тарихи Отанын ұмытпау үшін мемлекет тарапынан да ұлтжанды азаматтар тарапынан да бауырға басып, ассимиляцияланып кетпеудің барлық шараларын жүргізу керек деп ойлаймыз.

Осы тұста шеттегі қазақтардың да ұлттық болмысын сақтап қалу үшін жанұшыра тіршілік еткенін Стамбулдағы Мансүр Тәйжі ағамызбен болған сұхбатта көз жеткіздік. Алғашқы кезде қаланың әртүрлі аудандарына қоныстанған қазақтың балалары түрік мектептеріне бара бастады. Бұл қазақтың этникалық бірегейлігін сақтауға жәрдемдескен жоқ, керісінше қазақ жастарының бір бөлігі түріктене бастады. Бұған қазақ ақсақалдары қарсы шығып, «түріктену» үдерісін қалай да бір тоқтату үшін қазақша бастауыш және орта мектебін ашуға болатындай бірге, бір ауданға қоныстануға тырысты. Осыған байланысты Стамбулдың Гюнешли ауданында «Қазақкент» елді-аймағы пайда болды. Бірақ қазақ сыныптарын ашуға қол жеткізе алмаса да қазақтардың бірыңғай орналасуы, қазақ жастарының біраз уақытқа дейін өзінің дәстүрлі мәдениетін сақтауға қол жеткізді. Сондықтан болар жас буын тілін білмесе де орта буын қазақ тілінде сөйлеуге тырысады.

Ақиқатында Түркия елі мәдениеті, діні, тілі жағынан бізге анағұрлым жақын ел. Еуропада тұратын қазақ диаспорасының да негізін Түркиядан барған қазақтар құрайды. Сондықтан да олардың Түркиямен байланысы әлі күнге дейін күшті. Бұған да сол 1147 «Қазақ диаспорасы мен репатрианттар: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбымен барған іссапарымызда, олардың қыз ұзату, келін түсіру жиындарының барлығы Стамбул қаласындағы қазақ мәдени орталығында өтіп жатқанын көріп қайттық. Тіпті Еуропада қайтыс болған жағдайда да Түркияға әкеліп жерлейтіндігін айтты (3). Сондықтанда Еуропалық қазақтардың Қазақстанға қарағанда Түркиямен байланысы күштірек. Стамбулдағы «Вакиф» қазақ қоры мәдени орталығы қазақтың ұлттық тұрғын-үйі – киіз үй макетін, бірлі-жарым қазақтың тұрмыстық бұйымдарын көрмеге қойған. Біз сұрастыра келе оларданшаң басқан қазақтың ұлттық киімдерінің бірнеше үлгілерін көрдік. Ол киімдерді қазақтардың өздері кейінгі ұрпаққа сақталсын

деген оймен орталыққа әкеліп тапсырған екен. Ал, орталықта оны көрме етіп көрсететін орын жоқ. Сондықтан да оларды сақтап, қалпына келтіретін мамандар жауапкершілігіне беріп, сол жерден арнайы музей ашып, мәдениетіміздің озық үлгілерін жастарға насихаттауға мән беру керек.

Түркиядағы аға буын балалары мен немерелерінің болашағына қатты алаңдайды. Оларды Отанға оралу шарттарының қиындығы, бұл жақтағы тіркелу, үй-жай, жеке кәсіпкершілікпен айналысудағы құжаттар жинау машақаты, т.с.с. алаңдатады. Түркиядағы қазақтардың ендігі бір тобы шетелдегі қазақ диаспорасы Қазақстанның халықаралық қатынастардағы позициясын күшейте алар еді, елдің оң имиджін қалыптастырудың, экономикалық байланыстарды нығайтудың көзі болар еді, деген пікірлерді айтады. Бұл дұрыс пікір. Сырттағы қандастарымыздың тарихи Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, сол елдердегі қазақтар көмегімен экономика, мәдени салаларда интеграциялық үдерісімізді кеңейте аламыз.

Сырттағы Қандастарымыздың елге түпкілікті көшіп келгенше ұлттық бітім болмысын сақтап қалу жолдарының бірі ондағы ұлттық мәдени орталықтар, қазақ тілі қоғамдарымен тығыз байланыс орнатып, қоян-қолтық араласа жұмыс істеу қажет. Оларға методикалық және методологиялық көмек беру жағын ойластыру керек. Ол үшін олардың жетекшілері, мамандары мен методистеріне жылына кемінде бір рет семинар сабақтарын ұйымдастыру, қазақтың этномәдениетін және қысқаша тарихын оқитын оқу бағдарламасы мен оқулық кітаптарын шығаруды қолға алу керек (4). Дегенмен де аталған мәселелер мемлекеттік деңгейде шешімін таппаса жекелей зерттеуден шеттегі қазақтардың тұтастай этномәдени мұраларын көрсете алмаймыз.

Бөгде ортадағы кеңістікте ұлттық келбетін, тілін, дінін, дәстүрлі мәдениетін, өзіндік санасын сақтап қалуы, оны дамытуға күш салуы ұрпақтар сабақтастығын жалғастырады. Олай болса, сырттағы қазақтардың жан-жақты дамуына, тұрмысы мен мәдениетінің өркендеуіне қолдан келгенше көмек беріп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан этномәдени мұраларын жинап, оны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу ұлтжанды азаматтардың қай-қайсысының болса да міндеті деп білеміз. Сырттағы қандастарымыздың тарихи Отанға деген сүйіспеншілігі артса, ұлттық біртұтастығымыз күшейе түседі. Олай болса, шет жерлердегі қазақ диаспорасы қазақ ұлтының бір бөлшегі екендігін ұмытпауымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :**

1. Гумилев Л. Н. Этносфера история людей и история природы. –Санкт-Петербург: Кристалл, 2003.- 217.
2. Гумилев Л. Н. География этноса в исторический период. – М., 1990.
3. Автордың 2012 ж. Түркияға барған іссапардан алынған далалық материалдар жинағынан.
4. Ескекбаев Д. Ресей қазақтары және диаспора мәселесі // Қазақ диаспорасы мәдениетінің зерттелуі. -Алматы, 2004. 46-47 бб.